

Жүкті әйелдердегі эндокриндік жүйе қызметі

- Ішкі секреция (сөлініс) бездері немесе эндокринді бездер адам ағзасында көптеген процесстер тек жүйке жүйесінің қызметімен шектеліп қана қоймай, эндокринді жүйемен де қамтамасыз етіліп отырады. Денедегі барлық құрылымдар арасында үздіксіз, уақыт және кеңістік тәртібімен түрлі жолдар мен тетіктер арқылы үнемі кең көлемде мәлімет алмасу гуморалды жолмен жүріп отырады.

- Қызметтердің гуморалды реттелуінде маңызды ролді ішкі сөлініс бездері, яғни эндокриндік бездер атқарады. Олардың қызметтерінің өнімі гормондар болып табылады.

- Эндокриндік бездердің (гректің endon-ішкі, crineo-бөлемін) сөлін шығаратын өзегі жоқ, без жасушалары қан және лимфа тамырларымен өте жиі торланған, сондықтан без өнімдері тікелей осы тамырларға өтеді. Экзокринді бездердің өзегі бар,әрі ол өзек белгілі бір ағзаға ашылып, өз өнімдерін сол мүшеге шығарады.

- Ішкі сөлініс (секреция) бездері:
- 1 Гипофиз
- 2 Эпифиз
- 3 Қалқанша безі
- 4 Қалқанша маңы бездері
- 5 Айырша без
- 6 Бүйрекүсті безі
- 7 Ұйқы безі
- 8 Жыныс бездері
- Соңғы екеуі аралас бездерге жатады.

- Сондай-ақ, ішкі сөлініс бездеріне плацентаны (бала жолдасы) да жатқызады. Жүкті әйел организмінде бала жолдасы бірқатар гормондар бөліп шығарады. Плацентаның гормондары хорионда жасалады. Адам плацентасы қанға екі топ гормондарды бөліп шығарады: белоктық және стероидты. Белоктық түріне хорионды гонадотропин, плацентарлық лактогенді гормон және релаксин жатады. Лактогенді гормон сүт бездерінің өсуін реттейді, оларды сүт шығаруға дайындайды.

- Релаксин жүктілік кезінде жатыр етінің және жамбас сүйегінің біріккен жеріндегі буын байланысының біртіндеп босаңсынуына әсер етеді, жатырдың мойын еттерін босаңсытып, тууды жеңілдетуге себепші болады.

Стероидтық түріне: прогестерон және эстроген жатады. Олар жүктілік кезінде зат алмасудың барлық түріне қатысады.

Эпифиз

Гипофиз

Қалқанша
без

Айырша без
(тимус)

Бүйрекүсті
безі

Ұйқы
безі

Аталық
жыныс
безі

Аналық
жыныс
безі

KazMedic.kz

Аталық
жыныс
безі

KazMedic.kz

Аналық
жыныс
безі